



SITECH-2023

Ақпараттық технологиялардың жетістіктерін талқылады

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің 65 жылдық мерейтойына орай «SITECH-2023» халықаралық конференциясы өтті.

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында цифрландыру мен инновация мәселелеріне ерекше назар аударып, елдегі ІТ саласын дамыту мемлекетіміздің стратегиялық маңызды міндеттерінің бірі екендігін атап өтті. Бұл орайда Д.Серікбаев атындағы техникалық университет – тау-кен, металлургия саласында ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологиялар бағытында да бәсекеге қабілетті мамандар даярлап отырған бірегей жоғары оқу орны. Аталған шараның ғылыми-техникалық ынтымақтастықты нығайтып, халықаралық тәжірибе алмасуда маңызы зор. Сондықтан конференция қатысушыларына аймақ басшысының атынан сәттілік, жаңа идеяларды жүзеге асыруда жетістіктер тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары Дархан Сапанов.

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры Сәуле Рахметуллинаның айтуынша, конференцияның мақсаты – шетелдік ғалымдармен ынтымақтастықты нығайтып, ақпараттық және есептеуіш технологиялар саласындағы озық жетістіктерді талқылау.

Конференцияның техникалық университетте өтуі де бекер емес. Өйткені Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті Қазақстанда ғана емес, Орта Азиядағы жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі. – Университетіміз өзінің 65 жылдық

қызметінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мен білікті мамандар даярлауда елеулі табыстарға қол жеткізіп, халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді. Университеттің басым бағыты – «Ғылыми-технологиялық серпіліс». Мақсатымыз – кадрлық әлеуетті дамыту, ғылымды қаржыландыруды әртарапандыру, ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды дамытып, ғылымды коммерцияландыру арқылы университет ғылымын нығайту, – деді Сәуле Жәдігерқызы.

Соңғы жылдары жоғары оқу орны біршама жетістікке қол жеткізгендігін атап өткен жөн. Мәселен, материалдық-техникалық базаны нығайта отырып бірегей құзыреттілікке ие ғалымдар оқытылды, инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді, жаңа технологиялар әзірленіп, өндіріспен тұрақты байланыс орнатылды.

Конференцияға Қазақстан, Ресей, Польша, Венгрия елдерінің жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері қатысып, есептеу математикасы, сандық талдау, математикалық және компьютерлік модельдеу, интеллектуалды технологияның жаңа тенденциялары, жасанды интеллект және машиналық оқыту тақырыбында құнды баяндамалар жасады.

Атап айтқанда, Люблин техникалық университетінің профессоры Waldemar Wójcik, «Binance Kazakhstan» компания-



сының бас менеджері Жасұлан Мәдиев, Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ профессоры Д.Алонцева, С.Аманжолов атындағы ШҚУ қауымдастырылған профессоры Д.Байгереев ақпараттық және есептеуіш технологиялар саласындағы соңғы жетістіктерді талқылады.

2002 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан іс-шара барысында жоғары оқу орнының мәртебесі, тарихы, халықаралық қатынастары, түлеп шыққан тұлғалары туралы да жылы лебіздер айтылды.

Ғалымдар, кәсіпкерлер мен сарапшылар өзара тәжірибе алмасып, ғылым мен техниканың, білім беру мен өндірістің әртүрлі салаларында ақпараттық технологияларды қолдану мәселелерін талқылап, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейту жолдарын қарастырды.

Сондай-ақ конференция жұмысына «ҮМЗ» АҚ, «Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығы» ЖШС, Freedom Telecom, Oskemen IT-Hub, Білім берудегі жаңа технологиялардың

Шығыс Қазақстан өңірлік орталығы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Люблин техникалық университеті (Польша), Обуда университеті (Венгрия), Приштина университеті (Сербия) және Ресей Ғылым академиясы Сібір филиалы институтының өкілдері қатысты.

Екі күнге созылған конференция жұмысы «Ақпараттық технологиядағы жаңа трендтер», «Есептеу математикасы, математикалық және компьютерлік модельдеу», «Жасанды интеллект және машиналық оқыту» тақырыбындағы секциялық жұмыстармен және Бұқтырма жағалауындағы «Простор» жазғы экспедициялық кампусінде өткен «Цифрлық ғылым және білім беру ортасында жасанды интеллект технологияларын қолдану» атты дөңгелек үстел отырысымен қорытындыланды.

Университет ректоры шара барысында талқыланған жаңа идеялар мен тиімді ұсыныстар жүзеге асырылатындығын жеткізді.

5 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ

Ұрпақтар сабақтастығын үзбеген әулет

Динара Байғалиева – бастауыш сынып мұғалімі. Ол Ұлан ауданының Қ.Қайсенов кентіндегі Мәрсеков орта мектебінде қызмет етіп жүр. Ұстаздар әулетінен шыққан оның осы салада еңбек еткеніне жиырма жылдан асты. Нағашы әжесінен бастап бәрі де ұстаздық жолды таңдаған.



Динараның апасы Марғұма Байжүменова 1925 жылы Ұлан ауданының Бозанбай ауылында туған. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында аудандық білім бөлімінде хатшы қызметін атқарған. 1946 жылы жолдама алып, М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне оқуға түседі. 1948 жылы оқуын аяқтап, осы ауданның Сағыр ауылындағы А.Пушкин атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет жолын бастап, сол жерде отыз жылдан астам уақыт табан аудармай еңбек еткен. Марғұма Байжүменова – сол мектепте қазақ тілінде сабақ берген алғашқы бастауыш сынып мұғалімі еді. 1979 жылы

осы оқу орнынан құрметті еңбек демалысына шықты.

Марғұма Байжүменова әулеттегі жалғыз ұстаз емес. Сіңлісі Мағзума жоғары оқу орнын тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдаған. Бозанбай ауылының С.Киров атындағы мектебінде әр жылдары тәрбие ісі жөніндегі меңгеруші, директор қызметін атқарған.

Одан өзге Марғұма Байжүменованың жеті баласының үшеуі, келіндері мен немерелері де ұстаздық жолға түскен. Динараның анасы Әлия Тілебалдинова – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін (ЖенПИ) бітіріп, Ұлан

ауданының Мамай батыр ауылында балабақша меңгерушісі болды. Сәния мен Ләйлә да осы саладан жырақ кеткен жоқ. Сәния Зәкенқызы 34 жыл ұстаздық етті, ал Ләйлә Райымбекова 30 жылға жуық уақыт балабақшада қызмет етті.

Бұл әулет ұстаздықты атадан балаға мұра етіп қалдырып, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып отыр. Әже аманатын арқалап, мирасын сақтап келе жатқан әулеттің үш буынының жалпы еңбек өтілі 384 жылға жетеді. Жауапты қызметті өмірінің мәніне айналдырған бұл әулеттің балаларын кәсіби біліктілік, әр баланың ішінде уақытын күтіп, тынышып жатқан шырағын жағуды көздеген ізгі ниет пен оларға деген сүйіспеншілік, ел келешегі үшін жауапкершілік сезімі біріктіріп отыр.

Байжүменовтер әулетінің әр өкілі «Біздің әулетте осынша педагог бар» деп мақтанышпен айта алады.

– Ескі күндерден естелік болып қалған сарғайған суреттерге қарай бергім келеді. Сол ескі суреттерден мейірім мен жылу есіп тұрғандай, сыралғы достармен қайта қауышып, баяғы күндерді еске алып, шүйіркелесіп отырғандай марқайып қаламын. Суреттегі адамдарды танымасаң да онда таспаланған заманның тынысын, ырғағын, ерекшелігін сезесің. Тіпті ақ-қара фотосуреттер де жанның дархандығын, қайталанбас болмысын, қабағы қатулы тұлғалар мен өмірдің жарқын шақтарындағы қуанышты жасыра алмайды, – дейді Динара Байғалиева.

Оның айтуынша, биыл бұл әулет үшін ерекше жыл. Марғұма Байжүменова

оқуын тәмамдап, Сағырдағы орта мектепке мұғалім болып орналасқанына 75 жыл толыпты. Тынымсыз еңбек еткен 33 жылдың ішінде ол оқушыларының көбінің есінде сүйікті әрі алғашқы ұстазы ретінде қалған. Марғұма әжейдің келіні Күлзия Тілебалдинова зейнет жасына жетсе де қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүр. Ол бүгінгі таңда «Асыл әжелер» вокалдық тобының құрамында өнер көрсетеді. Бұл әулеттің өкілдері Ұлан ауданының білім саласын дамытуға елеулі үлес қосып келеді.

Әулеттің білім саласына сіңірген еңбегі ескеріліп, атақ пен марапатқа ие болған. Мәселен, осы әулеттің төрт мүшесіне ҚазКСР ағарту ісінің үздігі, біреуіне Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, тағы үшеуіне Еңбек сіңірген ұстаз атақтары берілген. Сонымен қатар бір ұстазға Ы.Алтынсарин төсбелгісі табысталды.

Киелі Ұлан жерінде батырлар мен ғалымдар ғана емес, кәсіби мен отбасылық дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, шеберлігін жастардың бойына сіңіріп, баға жетпес мирас қалдырған талай еңбек адамы да дүниеге келген. Еңбекқорлықтың құпиясы адамның тегінде жатады дейді бұл өңірдің халқы.

– Бізді оқушының бойындағы білімге, кемелдікке, өзін тануға, асыл арманын орындауға деген ұмтылысқа қанат бітіріп, қолдауға үйретті. Тамырын тереңге жіберген ағаштың діңі берік әрі мықты болатыны сияқты, жапырақ жайып өскен, өткенінен өнеге алған әулеттің дәстүрі де көмескі тартпайды, сабақтастық үзілмейді, – дейді Динара.

Күмісжан Исан